

**"Әлеуметтік көмек алу үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы" 2012 жылғы 12 шілдедегі № 5-3/2) шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2013 жылғы 01 наурыздағы N 11-3/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 наурызда N 2918 болып тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы N 24-4/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 27.05.2014 N 24-4/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың «Әлеуметтік көмек алу үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы» 2012 жылғы 12 шілдедегі № 5-3/2) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2620 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 9 тамызында № 64 «Жұлдыз» және «Новая жизнь» газеттерінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуметтік көмек алу үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ